

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 20 ақпандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 83-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 20 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және заңнамада белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 0

с ә у і р д е г і

№

8 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 20 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдауы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	«Инвестициялар туралы» «Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы № 436 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ	2012 жылғы сәуір
2.	Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінім нысанын бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы сәуір

3.	Инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның бизнес-жоспарын жасау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы сәуір
4.	Инвестициялық келісімшарттың орындалуы туралы жартыжылдық есептердің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы сәуір
5.	Инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасының ағымдағы жай-күйі актісінің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы сәуір
6.	Инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімді қабылдау, тіркеу және қарау қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	ИЖТМ	2012 жылғы сәуір

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК